

БЕКІТЕМІН

«Биологиялық

қауіпсіздік

проблемаларының

ғылыми-зерттеу

институты» ЖШС

Бас директоры



Жугунисов К.Д.

20 ____ ж.

Жергілікті биоэтика комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

ҚАРАЛДЫ

Жергілікті биоэтика комиссиясының отырысында

№ 1 хаттама

«19» 03 2026 ж.

ЕРЕЖЕ
«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Жергілікті биоэтика комиссиясы туралы

1. Жалпы ережелер

1.1. Жергілікті биоэтика комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия, ЖБК) «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Институт) жанындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде этикалық қағидаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-сараптамалық орган болып табылады.

1.2. Комиссия өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілері:

– Қазақстан Республикасының Конституциясы;

– 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-310/2020 бұйрығы «Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ДСМ-248/2020 бұйрығы «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың клиникалық зерттеулерін, медициналық бұйымдардың клиникалық-зертханалық сынақтарын, *in vitro* диагностикасына арналған доклиникалық зерттеулерді жүргізу қағидаларын, клиникалық базаларға қойылатын талаптарды және клиникалық зерттеулер жүргізуге рұқсат беру мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы»;

– Тиісті зертханалық практика стандарты (GLP) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № ДСМ-15 бұйрығына 1-қосымша «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы»;

– Тиісті клиникалық практика стандарты (GCP) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № ДСМ-15 бұйрығына 2-қосымша «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы».

2) Халықаралық басшылық құжаттар:

– Дүниежүзілік медицина қауымдастығының «Адамның қатысуымен жүргізілетін медициналық зерттеулердің этикалық қағидаттары туралы» Хельсинки декларациясы;

– ДДҰ нұсқаулығы – биомедициналық зерттеулерге этикалық сараптама жүргізетін комитеттердің жұмысына арналған нұсқаулық (TDR/PRD/ETHICS/2000.1);

– CIOMS нұсқаулығы – «Адамдардың қатысуымен жүргізілетін денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерге арналған халықаралық этикалық басшылық қағидаттар»;

– CIOMS Working Group VI есебі – «Клиникалық зерттеулерден алынатын қауіпсіздік туралы ақпаратты басқару»;

– CIOMS нұсқаулығы – «Эпидемиологиялық зерттеулерге арналған халықаралық этикалық басшылық қағидаттар»;

– CIOMS нұсқаулығы – «Эпидемиологиялық зерттеулерге этикалық сараптама жүргізу жөніндегі халықаралық нұсқаулық»;

– ICH GCP (Good Clinical Practice) – тиісті клиникалық практика жөніндегі халықаралық стандарт;

– Адам құқықтары және биомедицина туралы конвенция (1997 ж.);

– Эксперименттік және басқа ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын омыртқалы жануарларды қорғау туралы Еуропалық конвенция (1986 ж.).

3) Институттың Жарғысы;

4) осы Ереже;

5) институттың ішкі нормативтік құжаттары.

1.3. Комиссия өз қызметінде зерттеулерге қатысушылардың құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғаудың жалпыға бірдей қабылданған халықаралық қағидаттарын басшылыққа алады.

1.4. Комиссия ғылыми зерттеулердің биоэтикалық қағидаттарға, биологиялық қауіпсіздік талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізеді.

1.5. Комиссия келесі тұлғалар жүргізетін зерттеулерді қарайды:

– институт қызметкерлері;

– білім алушылар және ғылыми дәрежеге үміткерлер;

– басқа ғылыми және білім беру ұйымдарының зерттеушілері мен білім алушылары;

– сыртқы зерттеу ұйымдары.

1.6. Жергілікті биоэтика комиссиясы институтта белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде басқа ғылыми және білім беру ұйымдарының зерттеушілері мен білім алушыларының өтініштері бойынша ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізе алады.

1.7. Комиссия өз қызметін келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

– тәуелсіздік;

– объективтілік;

– ғылыми негізділік;

– құпиялылық;

– зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Комиссия әкімшілік, қаржылық немесе өзге де ықпалдан тәуелсіз шешімдер қабылдайды.

1.8. Жергілікті биоэтика комиссиясы өз қызметінде биоэтиканың келесі негізгі қағидаттарын басшылыққа алады:

– Жеке тұлғаны құрметтеу қағидаты: зерттеуге қатысушылардың қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарын тану, олардың ерікті түрде қатысуын және хабардар етілген келісім алуын қамтамасыз ету.

– Пайда келтіру және тәуекелдерді барынша азайту қағидаты: зерттеудің ғылыми және қоғамдық пайдасын барынша қамтамасыз ете отырып, зерттеуге қатысушылар, персонал және қоршаған орта үшін ықтимал тәуекелдерді барынша азайту.

– Зиян келтірмеу қағидаты: зерттеуге қатысушылардың денсаулығына, жануарларға, персоналға немесе қоршаған ортаға негізсіз қауіп төндіруі мүмкін зерттеулерді жүргізуге жол бермеу.

– Әділдік қағидаты: зерттеуге қатысушыларға тең және әділ қатынасты қамтамасыз ету, кемсітушілікке және тәуекелдер мен пайдалардың негізсіз бөлінуіне жол бермеу.

– Зерттеушінің жауапкершілігі қағидаты: ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде зерттеушілердің этикалық нормаларды, биологиялық қауіпсіздік талаптарын және қолданыстағы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету.

Комиссия сондай-ақ биомедициналық зерттеулер этикасы жөніндегі халықаралық ұсынымдарды басшылыққа алады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты

2.1. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде биоэтикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Комиссия келесілердің қорғалуын қамтамасыз етеді:

- зерттеуге қатысушылардың құқықтары, қауіпсіздігі және әл-ауқаты;
- зертханалық жануарларға гумандық қатынас;
- биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік қағидаттарының сақталуы.

2.3. Комиссия биоэтика және ғылыми зерттеулерді жауапкершілікпен жүргізудің халықаралық стандарттарын енгізуге жәрдемдеседі.

3. Комиссияның міндеттері

Комиссияның негізгі міндеттері:

3.1. Ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу.

3.2. Зерттеулердің ғылыми негізділігін биоэтика тұрғысынан бағалау.

3.3. Зерттеулердің ықтимал тәуекелдері мен күтілетін пайдасының арақатынасын бағалау.

3.4. Зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын бағалау.

3.5. Келесі объектілерді пайдаланумен байланысты зерттеулерді қарау:

- биологиялық үлгілер;
- жасуша дақылдары;
- генетикалық материалдар;

- зертханалық жануарлар;
- патогенді биологиялық агенттер.

3.6. Зерттеулер жүргізу кезінде биологиялық қауіпсіздік шараларын бағалау

3.7. Бекітілген зерттеулерді іске асыру барысында этикалық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу.

3.8. Зерттеулер жүргізу процесінде туындайтын биоэтикалық нормалардың бұзылуы және инциденттер туралы хабарламаларды қарау.

3.9. Қажет болған жағдайда Комиссия ғылыми жарияланымдарды дайындау кезінде биоэтикалық талаптардың сақталуы мәселелерін қарауы мүмкін.

4. Комиссияның құзыреті

Комиссия келесі зерттеу түрлерін қарайды және оларға сараптама жүргізеді:

4.1. Биомедициналық зерттеулер.

4.2. Адамдардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулер.

4.3. Адамның биологиялық материалдарын пайдаланумен байланысты зерттеулер.

4.4. Зертханалық жануарларды пайдаланумен жүргізілетін зерттеулер.

4.5. Микроорганизмдерді, вирустарды және басқа да биологиялық агенттерді қолданумен жүргізілетін зерттеулер.

4.6. Жасуша дақылдарын, биологиялық үлгілерді және генетикалық материалдарды пайдаланумен жүргізілетін зерттеулер.

4.7. Дербес деректерді өңдеумен байланысты зерттеулер.

5. Комиссия мүшелерінің құрамы және біліктілік талаптары

5.1. Жергілікті биоэтика комиссиясы ғылыми және сараптамалық қызмет тәжірибесі бар әртүрлі білім салаларының мамандарынан қалыптастырылады.

5.2. Комиссия мүшелерінің саны, әдетте, 7-ден 15 адамға дейін болады.

5.3. Комиссия құрамына келесі мамандар енгізілуі мүмкін:

- биология, медицина немесе ветеринария саласының мамандары;
- биологиялық қауіпсіздік саласының мамандары;
- биоэтика саласының мамандары;
- заңгерлер;
- қоғам өкілдері.

5.4. Сараптаманың тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Комиссия құрамына институт қызметкері болып табылмайтын тәуелсіз мүшені енгізу қажет.

5.5. Қажет болған жағдайда Комиссия арнайы білімдері бар сыртқы сарапшыларды тартуы мүмкін.

5.6. Жергілікті биоэтика комиссиясының мүшелері ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу үшін қажетті білім мен тәжірибеге ие болуы тиіс.

5.7. Комиссия мүшелері:

- тиісті салада жоғары білімге;
- ғылыми, медициналық, биологиялық немесе сараптамалық қызмет тәжірибесіне;
- биоэтика саласы және ғылыми зерттеулер жүргізу қағидаттары туралы білімге ие болуы тиіс.

5.8. Комиссия мүшелері биоэтика, биологиялық қауіпсіздік және ғылыми зерттеулер этикасы саласында өз біліктілігін арттыруға міндетті.

6. Комиссияны қалыптастыру тәртібі

6.1. Комиссияның құрамы институт басшысының бұйрығымен бекітіледі.

6.2. Комиссия құрамына қатысты ұсыныстарды келесілер енгізе алады:

- институт басшылығы;
- Ғылыми кеңес;
- құрылымдық бөлімшелер.

6.3. Комиссия мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

6.4. Комиссия мүшелері қайта тағайындалуы мүмкін.

6.5. Комиссия мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- өзінің өтініші бойынша;
- институт басшысының шешімі бойынша;
- Комиссия жұмысына жүйелі түрде қатыспаған жағдайда.

7. Комиссия төрағасы және хатшысы

7.1. Комиссия жұмысын Комиссия төрағасы ұйымдастырады.

7.2. Комиссия төрағасы:

- Комиссия қызметіне басшылық етеді;
- Комиссия отырыстарын ұйымдастырады;
- Комиссия шешімдеріне қол қояды;
- Комиссияны институтпен және басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл барысында таныстырады.

7.3. Комиссия қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету үшін Комиссия хатшысы тағайындалады.

7.4. Комиссия хатшысы:

- сараптама жүргізуге өтінімдерді қабылдайды және тіркейді;
- Комиссия отырысында қарауға арналған материалдарды қалыптастырады;
- отырыстардың хаттамаларын жүргізеді;
- Комиссия құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

8. Мүдделер қақтығысы

8.1. Комиссия мүшелері зерттеулерді қарау барысында мүдделер қақтығысы жағдайларын болдырмауға міндетті.

8.2. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда Комиссия мүшесі бұл туралы Комиссия төрағасына хабарлауға міндетті.

8.3. Мүдделер қақтығысы бар Комиссия мүшесі тиісті жобаны талқылауға және дауыс беруге қатыспайды.

9. Комиссия отырыстары

9.1. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ тоқсанына кемінде бір рет.

9.2. Комиссия отырыстары:

– бетпе-бет форматта;

– байланыс құралдарын пайдалану арқылы қашықтан форматта өткізілуі мүмкін.

9.3. Комиссия отырысы Комиссияның жалпы құрамының кемінде жартысы қатысқан жағдайда құқықтық күші бар болып есептеледі.

9.4. Комиссия шешімдері қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

9.5. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Комиссияның құқықтары

Комиссияның құқығы бар:

– биоэтикалық сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдар мен ақпаратты өтініш берушілерден сұратуға;

– биоэтикалық қағидаттар мен биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында зерттеу протоколына өзгерістер енгізуді талап етуге;

– қажетті білім мен тәжірибесі бар тәуелсіз мамандар мен сарапшыларды сараптама жүргізуге тартуға;

– биоэтикалық талаптарға сәйкессіздіктер анықталған жағдайда зерттеулерді қайта қарауға жіберуге;

– биоэтикалық нормаларға немесе биологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін зерттеулерді мақұлдаудан бас тартуға;

– Комиссия мақұлдаған зерттеулердің жүргізілу барысы туралы есептерді сұратуға;

– зерттеулер жүргізу барысында туындайтын биоэтикалық нормалардың бұзылуы және қолайсыз оқиғалар туралы хабарламаларды қарауға;

– биоэтикалық талаптардың елеулі бұзушылықтары анықталған жағдайда зерттеулерді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы институт басшылығына ұсыныс енгізуге.

11. Комиссияның жауапкершілігі

Комиссия келесілер үшін жауапты:

- жүргізілетін биоэтикалық сараптаманың объективтілігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- ғылыми зерттеулерді қарау кезінде биоэтика қағидаттарын сақтау;
- сараптама барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау;
- зерттеуге қатысушылардың құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғауды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен институттың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау.

12. Комиссия жауапкершілігінің шектеулері

12.1. Комиссия ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптаманы олардың биоэтикалық қағидаттарға және биологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында ғана жүргізеді.

12.2. Комиссияның зерттеуді мақұлдауы Комиссияға зерттеуді жүргізу, оның ғылыми нәтижелері, қолданылатын әдістердің қауіпсіздігі немесе оны іске асырудың ықтимал салдары үшін жауапкершілік жүктеуге әкеп соқпайды.

12.3. Зерттеуді жүргізу, заңнаманың сақталуы, зерттеуге қатысушылардың, персоналдың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік зерттеу жетекшісіне және зерттеуді жүзеге асыратын ұйымға жүктеледі.

13. Өтінімдерді ұсыну және қарау

13.1. Биоэтикалық сараптама жүргізу үшін өтініш беруші Комиссияға институттың ішкі нормативтік актілерінде белгіленген құжаттар пакетін ұсынады.

13.2. Комиссия келесі зерттеулерді қарайды:

- институт қызметкерлері жүргізетін;
- институт базасында жүзеге асырылатын;
- басқа ғылыми және білім беру ұйымдары жүзеге асыратын зерттеулер.

13.3. Өтінімдерді ұсыну, қарау және сараптама жүргізу тәртібі Комиссияның ішкі рәсімдерімен (SOP) айқындалады.

14. Биоэтикалық сараптама жүргізу

14.1. Комиссия ғылыми зерттеулердің биоэтикалық қағидаттарға, биологиялық қауіпсіздік талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін бағалау мақсатында тәуелсіз биоэтикалық сараптама жүргізеді.

14.2. Зерттеулерді қарау кезінде Комиссия келесілерді бағалайды:

- зерттеудің ғылыми негізділігін;
- ықтимал тәуекел мен күтілетін пайда арақатынасын;

- зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын;
- зерттеудің қолданыстағы этикалық нормаларға сәйкестігін;
- биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын.

14.3. Комиссия зерттеудің ұсынылған материалдарын қарайды, оның ішінде:

- зерттеу протоколын;
- әдіснаманың сипаттамасын;
- ықтимал тәуекелдер туралы мәліметтерді;
- оларды азайту шараларын;
- этикалық талаптардың сақталуын растайтын құжаттарды.

14.4. Қажет болған жағдайда Комиссия өтініш берушіден қосымша материалдар мен түсіндірмелер сұратуға құқылы.

15. Биологиялық қауіпсіздік сараптамасы

15.1. Биологиялық агенттерді пайдаланумен байланысты зерттеулерді қарау кезінде Комиссия зерттеулердің биологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалайды.

15.2. Биологиялық қауіпсіздік сараптамасы келесілерді бағалауды қамтиды:

- зертханалардың биологиялық қауіпсіздік деңгейін;
- микроорганизмдермен, вирустармен және басқа биологиялық агенттермен жұмыс істеу шарттарын;
- персоналды қорғау шараларын;
- биологиялық қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін.

15.3. Қажет болған жағдайда Комиссия сараптамалық бағалау жүргізу үшін биологиялық қауіпсіздік саласының мамандарын тартуы мүмкін.

16. Зертханалық жануарларды пайдаланумен байланысты зерттеулерге сараптама жүргізу

16.1. Комиссия зертханалық жануарларды пайдаланумен байланысты зерттеулерді қарайды.

16.2. Сараптама жүргізу барысында келесілер бағаланады:

- жануарларды пайдаланудың ғылыми қажеттілігі;
- жануарлар түрін таңдаудың негіздемесі;
- жануарларға гумандық қатынас қағидаттарының сақталуы;
- жануарлардың ауырсынуы мен азап шегуін азайту шаралары;
- жануарларды ұстау жағдайлары.

16.3. Комиссия жануарларға жүргізілетін зерттеулер кезінде этикалық қағидаттардың сақталуын растайтын қосымша материалдарды сұратуы мүмкін.

17. Сарапшыларды тарту

17.1. Жекелеген зерттеулерге сараптама жүргізу үшін Комиссия қажетті білім мен тәжірибесі бар сыртқы мамандарды тартуға құқылы.

17.2. Тартылған сарапшылар зерттеу материалдарын сараптамалық бағалауға қатысады, бірақ Комиссия шешім қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

17.3. Тартылған сарапшылар құпиялылық талаптарын сақтауға және мүдделер қақтығысының алдын алуға міндетті.

18. Комиссия шешімдері

18.1. Зерттеу материалдарын қарау нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- зерттеуді жүргізуді мақұлдау;
- өзгерістер немесе нақтылаулар енгізу шартымен зерттеуді жүргізуді мақұлдау;
- зерттеу материалдарын қайта қарауға жіберу;
- зерттеуді мақұлдаудан бас тарту.

18.2. Комиссияның шешімі отырыс хаттамасымен және тиісті қорытындымен рәсімделеді.

18.3. Комиссияның қорытындысы белгіленген тәртіппен өтініш берушіге жолданады.

19. Зерттеулерге мониторинг жүргізу

19.1. Комиссия мақұлданған зерттеулердің жүргізілуіне мониторинг жүргізуі мүмкін.

19.2. Мониторинг шеңберінде Комиссия:

- зерттеу барысы туралы есептерді сұратуға;
- туындаған қолайсыз оқиғалар туралы ақпарат алуға;
- зерттеу протоколына енгізілген өзгерістерді қарауға құқылы.

19.3. Биоэтикалық талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда Комиссия зерттеуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

20. Зерттеу протоколына өзгерістер енгізу

20.1. Зерттеу протоколына енгізілетін кез келген өзгерістер қарау үшін Комиссияға ұсынылуы тиіс.

20.2. Өзгерістер Комиссия қарағаннан және мақұлдағаннан кейін ғана енгізілуі мүмкін.

21. Құпиялылық

21.1. Комиссия мүшелері зерттеу материалдарын қарау барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

21.2. Комиссияға ұсынылған зерттеу материалдары тек биоэтикалық сараптама жүргізу мақсатында ғана пайдаланылады.

21.3. Комиссия мүшелері мен тартылған сарапшылар келесі мәліметтерді жария етуге құқылы емес:

- зерттеудің ғылыми ақпараты;
- зерттеуге қатысушылардың дербес деректері;
- коммерциялық және өзге де құпия ақпарат.

21.4. Құпиялылық талаптары Комиссия тартатын сыртқы сарапшыларға да қолданылады.

22. Құжат айналымы және архив

22.1. Комиссияның барлық отырыстары хаттамамен рәсімделеді.

22.2. Комиссия отырысының хаттамасына Комиссия төрағасы және хатшысы қол қояды.

22.3. Комиссия қызметіне қатысты құжаттар жүйелі түрде есепке алынып, сақталуға тиіс.

22.4. Зерттеу материалдары, Комиссия шешімдері және отырыс хаттамалары институт архивінде белгіленген тәртіппен сақталады.

22.5. Комиссия құжаттарының сақтау мерзімі институттың ішкі нормативтік актілерімен айқындалады.

23. Комиссия қызметін қаржыландыру

23.1. Комиссия қызметі институт қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

23.2. Ғылыми зерттеулерге биоэтикалық сараптама жүргізу ақылы негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

23.3. Сараптама жүргізу құны институтта белгіленген тәртіппен бекітілген ақылы қызметтердің прејскурантына сәйкес айқындалады.

23.4. Сараптама жүргізуден түсетін қаражат Комиссия қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге және сарапшыларға сыйақы төлеуге пайдаланылады.

23.5. Сараптама жүргізу үшін төлем Комиссия шешімдерінің тәуелсіздігі мен объективтілігіне әсер етпейді.

23.6. Ақылы негізде сараптама жүргізу тәртібі институттың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

24. Қорытынды ережелер

24.1. Осы Ереже институт басшысы тарапынан бекітіледі.

24.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар институтта белгіленген тәртіппен енгізіледі.

24.3. Комиссия қызметінің ұйымдастырушылық рәсімдері Комиссияның стандартты операциялық рәсімдерімен (SOP) регламенттеледі.

24.4. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер институттың ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

24.5. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.